

МАМАН КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ САПАСЫН КӨТЕРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫнда (2.09.2024) еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттырудың өте маңызды екеніне зор көңіл бөлінді. Осы ретте Мемлекет басшысының: «Грант құны жастарды сапалы оқутуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашып, оңды-солды тарата беруге болмайды», - деген тұжырымында терең мән бар деп білеміз. Ұлттық университеттің білім беру бағдарламалары өзінің бағытына, материалдық-техникалық әлеуетіне, адами капиталына сай жасалған. Мұндай білім беру бағдарламалары бойынша өңірлік университеттердің де маман кадрлар даярлау тәжірибесіне Жолдауда негізделген қағидалар талабы тұрғысынан қараған абзал.

Жолдаудағы өмірлік маңызы үлкен қағидалардың бірі әрбір қоғам мүшесінің жауапкершілігіне қатысты: «Әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруы тиіс». Әркімнің, қоғамның әр мүшесінің, мемлекеттік мекемелердегі әр қызметкердің өз міндеттері аясында жауапкершілікті терең сезінуі, өз міндетін сапалы атқаруы, мемлекеттік, ұлттық құндылықтарымызды көзінің қарашығындай қорғауы, сақтауы, насихаттауы – өлшеусіз зор зияткерлік байлық. Мұндай байлыққа жеткізетін күзірет терең білім негізінде қалаптасады.. Бұл жерде көпке ортақ, тарихи даму сатыларынан өтіп сұрыпталған рухани құндылықтарымызды қалыптасқан, ғылыми-әдістемелік тұрғыда барынша негізделген, мазмұны толық анықталған және сараптан өткен жалпы білім беретін оқу пәндері деңгейінде оқытудың маңызы өте жоғары. Ондай пәндер көп емес, бірен-саран ғана екені белгілі. Абай ғылыми-зерттеу институты дайындап, оқу үдерісіне енгізген «Абай ілімі» оқу пәні - баламасы жоқ баянды пән. Жолдауда негізделген талаптарға сай жоғары білімді маман кадрларды даярлау сапасын көтерудің басты бір құралы осындай деп білеміз.

Бибігүл Даутова,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
оқытушысы.